

2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 122 шешімі.

2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің 10-бабын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қоса беріліп отырған 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткеннен кейін, бірақ ерте дегенде 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім күшіне енген күні күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	А. Новиков	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы
23 желтоқсандағы № 122
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 10-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және Келісімнің нормаларын іске асыру мақсатындағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті және құзыретті органдарының өзара, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын айқындайды.

Көрсетілген өзара іс-қимыл осы тармақтың үшінші абзацы ескеріле отырып, зейнетақыларды тағайындау және төлеу үшін қажетті мәліметтермен, сондай-ақ Келісімді қолдану үшін мәні бар өзге де мәліметтермен алмасу арқылы ортақ процестерді іске асыру шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Интеграцияланған жүйені пайдалануға көшкенге дейін құзыретті органдар мен Комиссия арасындағы өзара іс-қимыл осы Тәртіптің 3-тармағында көзделген ортақ формулярлармен, сондай-ақ зейнетақыларды тағайындау және төлеу үшін қажетті құжаттармен алмасу арқылы қағаз жүзінде жүзеге асырылады.

2. Осы Тәртіпте еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты ала алмаған зейнетақыны алуға үміткер адамның өкілі ретінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалған еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты ала алмаған зейнетақыны алуға үміткер адамның мүдделерін білдіретін адам түсініледі.

Осы Тәртіпте қолданылатын өзге ұғымдар Келісімде айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Формулярларды қолдану

3. Келісімді және осы Тәртіпті іске асыру мақсатында мүше мемлекеттердің құзыретті органдары ынтымақтастықты жүзеге асырған кезде мынадай формулярларды қолданады:

№ 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Сауалнама-өтініш" формуляры;

№ 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Ақпараттық парақ" формуляры;

№ 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Медициналық тексеру туралы" формуляры

;

№ 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Жұмыс өтілі туралы" формуляры;

№ 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Қабылданған шешім туралы хабарлама" формуляры;

№ 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Сауал" формуляры;

№ 7 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Төлем тізімдемесі" формуляры;

№ 8 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Салыстыру актісі" формуляры;

№ 9 қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы" формуляры.

4. Осы Тәртіптің 3-тармағында көзделген формулярларды толтыру былайша жүргізіледі:

"Сауалнама-өтініш" формулярын – еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты ала алмаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса олардың өкілдері. Бұл ретте аталған формулярға енгізілген ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы жауапты адамның қолымен және еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты ала алмаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса олардың өкілі жүгінген мүше мемлекеттің құзыретті органының мөрімен расталады;

"Ақпараттық парақ", "Жұмыс өтілі туралы", "Қабылданған шешім туралы хабарлама", "Сауал", "Төлем тізімдемесі", "Салыстыру актісі", "Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы" формулярларын – мүше мемлекеттің құзыретті органы. Бұл ретте мүше мемлекеттің құзыретті органы формулярды жіберу мақсаттарына сәйкес келетін және зейнетақыны тағайындау мен төлеуді қамтамасыз ету үшін қажетті тұстарын толтырады;

"Медициналық тексеру туралы" формулярын – еңбекші тұратын мемлекет айқындайтын мекеме (ұйым).

Бір мүше мемлекеттің құзыретті органы немесе мекемесі (ұйымы) толтыратын формулярларда қамтылған ақпарат басқа мүше мемлекеттің құзыретті органымен, мекемесімен (ұйымымен) қосымша құжаттық растаусыз қабылданады.

Формулярларды толтыру орыс тілінде жүзеге асырылады.

5. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының формулярлар мен құжаттарды жөнелтуі мыналар:

"Сауалнама-өтініш" формуляры тіркелген;

еңбекшіден (отбасы мүшесінен), зейнетақы жинақтарының мұрагерінен (құқық мирасқорынан), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты ала алмаған зейнетақыны алуға үміткер адамнан не болмаса олардың өкілінен құжаттарды алған;

тиісті шешім шығарылған (есептер жүзеге асырылған);

мүше мемлекеттің құзыретті органынан сауал түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

"Ақпараттық парақ", "Қабылданған шешім туралы хабарлама", "Төлем тізімдемесі" және "Салыстыру актісі" формулярларын жолдау осы Тәртіпте белгіленген өзге де мерзімдерде жүргізіледі.

III. Мүше мемлекеттердің құзыретті және уәкілетті органдарының зейнетақыны тағайындаған кездегі өзара іс-қимылы

6. Келісімге сәйкес зейнетақыға құқығын іске асыру мақсатында еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) не болмаса олардың өкілі тұратын мемлекеттің немесе еңбекке орналасқан мемлекеттің құзыретті органына зейнетақыны тағайындау және төлеу туралы өтінішпен және аумағында еңбекшінің жұмыс өтілі бар мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес көзделген қажетті құжаттармен жүгінеді.

Егер еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) басқа мүше мемлекеттен зейнетақыға үміттенген жағдайда, "Сауалнама-өтініш" формулярын толтырған кезде сонымен қатар осы мүше мемлекеттегі еңбекшінің жұмыс өтілі туралы ақпарат көрсетіледі.

7. Мүше мемлекеттің құзыретті органы "Сауалнама-өтініш" формулярын тіркегеннен кейін еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) зейнетақысына үміттеніп отырған басқа мүше мемлекеттің құзыретті органына мыналарды:

а) "Сауалнама-өтініш" формулярын және еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) не олардың өкілі ұсынған, мүше мемлекеттің құзыретті органы бекіткен құжаттардың көшірмелерін;

б) "Ақпараттық парақ" формулярын (егер жіберген күні мүше мемлекеттің құзыретті органының басқа мүше мемлекеттің құзыретті органының назарына жеткізілуі тиіс ақпараты бар болған жағдайда);

в) "Жұмыс өтілі туралы" формулярын (егер жіберген күні мүше мемлекеттің құзыретті органының басқа мүше мемлекеттің құзыретті органының назарына жеткізілуі тиіс еңбекшінің жұмыс өтілі туралы мәліметтері бар болған жағдайда);

г) "Медициналық тексеру туралы" формулярын және ұсынылған медициналық құжаттардың көшірмелерін (мүгедектігіне байланысты зейнетақыға жүгінген жағдайда) жібереді.

8. Осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген формулярлар мен құжаттарды алған мүше мемлекеттің құзыретті органы өз мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауды және шешім қабылдауды қамтамасыз етіп, оларды жіберген мүше мемлекеттің құзыретті органына "Қабылданған шешім туралы хабарлама" формулярын жібереді.

9. Келісімнің 7-бабының 2-тармағын қолдана отырып, зейнетақыға құқықты айқындау үшін мүше мемлекеттің құзыретті органы оның аумағында еңбекшінің жұмыс өтілі бар басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан мыналарды:

"Сауал" формулярын;

еңбекші (отбасы мүшесі) не оның өкілі зейнетақы құқықтарын есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйелер пайдалануға берілгенге дейінгі кезең үшін мүше мемлекеттің аумағындағы жұмыс өтілі туралы ұсынған құжаттардың көшірмелерін жіберу арқылы "Жұмыс өтілі туралы" формулярын сұратады.

10. Өз мүше мемлекетінің аумағындағы еңбекшінің жұмыс өтілі туралы сауал алған мүше мемлекеттің құзыретті органы өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес жұмыс өтілін растайды не болмаса сауал жолдаған мүше мемлекеттің құзыретті органына "Жұмыс өтілі туралы" формулярды жіберу арқылы жұмыс өтілін растау мүмкін еместігі туралы хабардар етеді.

Егер жұмыс өтілін растау үшін қосымша іс-шараларды өткізу (мәліметтерді, құжаттарды сұратып алу) талап етілсе, "Жұмыс өтілі туралы" формулярында толық ақпарат қамтылған "Жұмыс өтілі туралы" формулярын жіберудің жоспарланған мерзімдері көрсетіле отырып, аралық ақпарат қамтып көрсетіледі.

Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары 1992 жылғы 13 наурызға дейінгі кезең үшін белгіленген тәртіппен берілген жұмыс өтілі және (немесе) еңбекақысы туралы мәліметтер қамтылған құжаттарды "Сауал" формулярын жібермей қабылдайды.

1992 жылғы 13 наурыздан басталатын кезең үшін жұмыс өтілі және (немесе) еңбекақысы туралы "Сауал" формуляры келіп түскен кезде мүше мемлекеттердің құзыретті органдары өз иеліктерінде бар, соның ішінде мүше мемлекеттердің ұйымдарынан (мекемелерінен) алынған ақпаратты жібереді.

11. Еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) не олардың өкілі зейнетақыны тағайындау және төлеу туралы өтінішпен жүгінген мүше мемлекеттің құзыретті органы еңбекшіні (отбасы мүшесін), зейнетақы жинақтарының мұрагерін (құқық мирасқорын) не олардың өкілін "Қабылданған шешім туралы хабарлама" формулярын алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей басқа мүше мемлекеттің құзыретті органы зейнетақыны тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) қабылдаған шешімі туралы хабардар етеді.

12. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының және мүше мемлекеттердің өзге де мекемелерінің (ұйымдарының) өз аумағында еңбекшілерді (отбасы мүшелерін), зейнетақы жинақтарының мұрагерлерін (құқық мирасқорларын), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алмаған зейнетақыны алуға үміттенетін адамдарды және олардан құжаттарды қабылдау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ Келісімге және осы Тәртіпке сәйкес мәліметтер мен құжаттарды дайындау, өңдеу, зейнетақыны тағайындау туралы (тағайындаудан бас тарту туралы) шешімдер қабылдау, зейнетақыны төлеуді (жеткізуді) ұйымдастыру қағидаларын мүше мемлекеттер айқындайды.

IV. Мүше мемлекеттердің құзыретті және уәкілетті органдарының медициналық куәландыру және мүгедектікті белгілеу кезіндегі өзара іс-қимылы

13. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы (кешенді куәландыруды, қайта куәландыруды) өткізу үшін "Медициналық тексеру туралы" формулярын және тұратын мемлекеттің құзыретті органынан еңбекке орналасатын мемлекеттің құзыретті органына келіп түскен, ұсынылған медициналық құжаттардың көшірмелерін ол еңбекке орналасатын мемлекеттің медициналық-әлеуметтік сараптаманы (кешенді куәландыруды) жүзеге асыратын органына (мекемесіне) жібереді.

14. Еңбекке орналасатын мемлекеттің медициналық-әлеуметтік сараптаманы (кешенді куәландыруды) жүзеге асыратын органы (мекемесі) еңбекшіге мүгедектік тобын, мерзімін және себебін (еңбек қызметіне қабілетінің шектелу деңгейін) белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешім қабылдағаннан кейін аталған шешімді еңбекке орналасатын мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде тұратын мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

15. Еңбекке орналасатын мемлекеттің құзыретті органы тұратын мемлекеттің құзыретті органына "Қабылданған шешім туралы хабарлама" формулярын және еңбекшіге мүгедектік тобын, мерзімін және себебін (еңбек қызметіне қабілетінің шектелу деңгейін) белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімді жібереді, оны тұратын мемлекеттің құзыретті органы еңбекшіге береді.

16. Мүше мемлекеттің құзыретті органы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманы (кешенді куәландыруды, қайта куәландыруды) жүзеге асыратын органы (мекемесі) арасындағы өзара іс-қимыл осы мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

17. Мүше мемлекеттердің медициналық-әлеуметтік сараптаманы (кешенді куәландыруды, қайта куәландыруды) жүзеге асыратын органдарының (мекемелерінің), соның ішінде еңбекшіге мүгедектікті белгілеу туралы мәселені шешу үшін қажетті қосымша медициналық құжаттарды сұратып алу және ұсыну бойынша өзара іс-қимыл жасасуы мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арқылы жүзеге асыралады.

V. Мүше мемлекеттердің құзыретті және уәкілетті органдарының зейнетақыны төлеу кезіндегі өзара іс-қимылы

18. Еңбекшіге (отбасы мүшесіне), зейнетақы жинақтарының мұрагеріне (құқық мирасқорына) зейнетақыны тағайындаған мүше мемлекеттің аумағында зейнетақыны төлеу осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбекшіге (отбасы мүшесіне), зейнетақы жинақтарының мұрагеріне (құқық мирасқорына) зейнетақыны төлеудің негізділігін бақылауды зейнетақыны төлейтін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Зейнетақыны тағайындаған мүше мемлекеттің құзыретті органының еңбекшісі (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) тұратын мемлекеттің аумағына зейнетақыны аударуы зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің ұлттық валютасында, заңнамасына сәйкес еңбекшіге (отбасы

мүшесіне), зейнетақы жинақтарының мұрагеріне (құқық мирасқорына) зейнетақы тағайындалған мүше мемлекеттің "Төлем тізімдемесі" формуляры жасалған күндегі ресми валюта бағамы бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте зейнетақыны аудару құрылтайшылары мүше мемлекеттер болып табылатын, мүше мемлекеттердің біреуінде тұрақты орналасқан жері бар халықаралық есептік қаржы ұйымы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында зейнетақыны аудару құрылтайшылары мүше мемлекеттер болып табылатын, мүше мемлекеттердің біреуінде тұрақты орналасқан жері бар халықаралық есептік қаржы ұйымы арқылы немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырылады.

20. Зейнетақыны тағайындаған мүше мемлекеттің құзыретті органының еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры) тұратын мемлекеттің аумағына зейнетақыны аударуы алдыңғы тоқсан үшін әрбір тоқсанның алғашқы айының 15-не дейін "Төлем тізімдемесі" формулярының негізінде зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органының банктік есепшотына жүргізіледі. "Төлем тізімдемесі" формуляры зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органына зейнетақыны аудару жүргізілетін айдың 3-ші жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

21. Аумағында зейнетақыны аудару жүзеге асырылған Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының құзыретті органдары осы мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының) кредиттік немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдағы есепшотына еңбекшіге (отбасы мүшесіне), зейнетақы жинақтарының мұрагеріне (құқық мирасқорына) зейнетақыны жеткізуді ұйымдастырады.

Аумағына зейнетақыны аудару жүзеге асырылған Армения Республикасының құзыретті органы еңбекшіге (отбасы мүшесіне), зейнетақы жинақтарының мұрагеріне (құқық мирасқорына) зейнетақыны жеткізуді Армения Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырады.

22. Зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органы зейнетақыны аудару жүзеге асырылған тоқсанның үшінші айының 1-нен кешіктірмей зейнетақының төленгені туралы белгісімен немесе төленбеу себебі көрсетілген "Төлем тізімдемесі" формулярын зейнетақыны тағайындаған мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

23. Басқа мүше мемлекеттің аумағына зейнетақылар сомаларын аудару, соның ішінде валютаны айырбастау жөніндегі шығындарды аударуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органы көтереді.

Еңбекші (отбасы мүшесі) тұратын мемлекеттің аумағына зейнетақылар сомаларын жеткізу жөніндегі шығындарды зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органы көтереді.

24. Зейнетақылардың төленбеген сомалары келесі тоқсанда зейнетақыларды төлеуге арналған қаражат есебіне есептеледі.

25. Зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органы жыл сайын, есептік жылдан кейінгі жылдың 1-ші наурызынан кешіктірмей "Салыстыру актісі" формулярын зейнетақыны аударуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

26. Зейнетақыны аударуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органы есептік жылдан кейінгі жылдың 1-ші сәуірінен кешіктірмей расталған "Салыстыру актісі" формулярын зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органына қайтарады.

27. Мүше мемлекеттің құзыретті органы өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес еңбекшіге (отбасы мүшесіне), зейнетақы жинақтарының мұрагеріне (құқық мирасқорына) зейнетақыны уақтылы төлеу (аудару) және жеткізу үшін жауапкершілікті көтереді.

VI. Мүше мемлекеттердің құзыретті және уәкілетті органдарының зейнетақылардың артық төленген сомаларын ұстап қалу кезіндегі өзара іс-қимылы

28. Келісімнің 10-бабының 6-тармағына сәйкес зейнетақының артық төленген сомасын анықтаған мүше мемлекеттің құзыретті органы еңбекшіге (отбасы мүшесіне) зейнетақыны төлеу тоқтатылғанға байланысты оны өздігінше ұстап қалу мүмкін болмаған жағдайда, "Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы" формулярын басқа мүше мемлекеттің құзыретті органына Келісімнің 2-бабының 2-тармағында көзделген және басқа мүше мемлекеттің құзыретті органымен төленетін зейнетақыдан ұстап қалуды жүзеге асыру үшін жібереді.

Ұстап қалуға жататын зейнетақы сомасының көлемі "Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы" формуляры құзыретті органына жіберілетін мүше мемлекеттің валютасына айырбасталады. Айырбастау формуляр жасалған күні қолданыстағы құзыретті органы формуляр жіберетін мүше мемлекеттің ресми валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады.

29. "Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу туралы" формулярын алған мүше мемлекеттің құзыретті органы оны жіберген мүше мемлекеттің құзыретті органына "Қабылданған шешім туралы хабарлама" формулярын жібереді. Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу құзыретті органы ұстап қалуды жүзеге асырған мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен және көлемде жүргізіледі.

30. Зейнетақылардың артық төленген сомалары ұсталып қалған жағдайда, аталған мәліметтерді ұстап қалуды жүзеге асырған мүше мемлекеттің құзыретті органы "Төлем тізімдемесі" формулярында көрсетеді және зейнетақыны артық төлеген мүше мемлекеттің құзыретті органы келесі төлем кезеңінде зейнетақыны аударған кезде есепке алады.

31. Зейнетақының артық төленген сомасын ұстап қалу аяқталғаннан кейін оны жүзеге асырған мүше мемлекеттің құзыретті органы "Ақпараттық парақ" формулярын жіберу арқылы зейнетақыны артық төлеген мүше мемлекеттің құзыретті органын ұстап қалуды аяқтау туралы хабардар етеді.

VII. Мүше мемлекеттердің құзыретті және уәкілетті органдарының қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақылар сомаларын төлеу кезіндегі өзара іс-қимылы

32. Еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса оның өкілі оны төлеу үшін өтінішпен және еңбекке орналасқан мемлекеттің заңнамасында көзделген қажетті құжаттармен тұратын мемлекеттің құзыретті органына және (немесе) еңбекке орналасқан мемлекеттің құзыретті органына жүгінеді.

33. Еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса оның өкілі жүгінген мүше мемлекеттің құзыретті органы өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес зейнетақыны төлеу туралы (төлеуден бас тарту туралы) шешім қабылдайды.

Егер зейнетақыны төлеуді еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса оның өкілі жүгінген құзыретті орган жүзеге асырмаған болса, көрсетілген адам не болмаса оның өкілі "Сауалнама-өтініш" формулярын толтырады.

Мүше мемлекеттің құзыретті органы "Сауалнама-өтініш" формулярын тіркегеннен кейін аталған формулярды және еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса оның өкілі ұсынған және мүше мемлекеттің құзыретті органы растаған құжаттардың көшірмелерін зейнетақыны төлеуді жүзеге асырған басқа мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

34. Еңбекке орналастырылған мемлекеттің құзыретті органы "Сауалнама-өтініш" формулярының және алынған құжаттардың негізінде өз мүше мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамға зейнетақыны төлеу туралы (төлеуден бас тарту туралы) шешім қабылдайды және "Қабылданған шешім туралы хабарлама" формулярын еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам не болмаса оның өкілі жүгінген мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

35. Мүше мемлекеттің құзыретті органы еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, оны төлеу осы Тәртіптің V бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

VIII. Уәкілетті органдар, құзыретті органдар және Комиссия арасындағы өзара іс-қимыл

36. Мүше мемлекеттердің құзыретті органдары зейнетақы мөлшерін өзгертуге немесе оны төлеуді тоқтатуға алып келетін мән-жайлар туралы, сондай-ақ еңбекшінің (отбасы мүшесінің) дербес деректерінің өзгергені және Келісімді қолдану үшін мәні бар өзге де мән-жайлар туралы "Ақпараттық парақ" және (немесе) "Жұмыс өтілі туралы" формулярларын осындай мән-жайлар анықталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жіберу арқылы бір-бірін хабардар етеді.

37. Қосымша ақпаратты сұратып алу қажет болған кезде бір мүше мемлекеттің құзыретті органы басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан еңбекшіні (отбасы мүшесін) зейнетақымен қамсыздандыру үшін мәні бар қажетті формулярларды, құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.

38. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен құзыретті органдары зейнетақыны тағайындау, оның мөлшерін өзгерту немесе төлеуді тоқтату байланысты болып табылатын қажетті мәліметтерді (ақпаратты) және құжаттарды ұсынуда бір-біріне өтемақысыз жәрдем көрсетеді.

39. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары және Комиссия мыналармен:

өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін қажетті пошталық және электрондық мекенжайлармен, телефондар мен факстардың нөмерлерімен;

Келісімге сәйкес тағайындалған зейнетақы алушылардың (түрлері бойынша) саны туралы, сондай-ақ кейінгі қаржы жылы мен жоспарлы кезеңге зейнетақыларды трансшекаралық төлеуге болжамды шығындар туралы деректермен алмасады.

40. Интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалану арқылы бір мүше мемлекеттің құзыретті органы жіберетін мәліметтерді басқа мүше мемлекеттің құзыретті органы қосымша құжаттық растаусыз қабылдайды.

41. Ақпаратпен (мәліметтермен) және медициналық құжаттардың көшірмелерімен алмасу, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары, мекемелері (ұйымдары) мен Комиссия арасындағы хат алмасу орыс тілінде жүзеге асырылады.

42. Комиссия мүше мемлекеттерден осы Тәртіптің реттеу мәніне жататын ақпаратты сұратуға құқылы.

IX. Ақпаратты қорғау

43. Келісімді және осы Тәртіпті қолдану мақсатында мүше мемлекеттің құзыретті органы еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамның дербес деректерін және басқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді өңдеуді жүзеге асыруға құқылы.

44. Еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамның не болмаса олардың өкілінің дербес деректерін, сондай-ақ дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді өңдеген кезде мүше мемлекеттің құзыретті органы және мүше мемлекеттің медициналық-әлеуметтік сараптаманы жүзеге асыратын органы (мекемесі) өз мүше мемлекетінің дербес деректерді және дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі заңнамасын қолданады. Бұл ретте көрсетілген дербес деректер мен дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді беру Келісімді және осы Тәртіпті іске асыру үшін қажетті мақсаттарда және көлемде жүзеге асырылады. Аталған деректер мен мәліметтер өзге мақсаттарда қолданыла алмайды.

45. Мүше мемлекеттер еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамның не болмаса олардың өкілінің дербес деректерін оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жойылудан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшірмесін жасаудан, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ осы дербес деректерге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдық және техникалық шараларды қабылдайды.

Х. Қорытынды ережелер

46. Осы Тәртіптің ережелерін қолдануға байланысты келіспеушіліктер мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Комиссия арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

2019 жылғы 20 желтоқсандағы
Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
еңбекшілерін зейнетақымен
қамсыздандыру туралы
келісімнің нормаларын
қолдану бойынша
Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
уәкілетті органдары,
құзыретті органдары мен
Еуразиялық экономикалық
комиссия арасындағы

"САУАЛНАМА-ӨТІНІШ" ФОРМУЛЯРЫ

Күні 20__ жылғы " __ " _____ *

Шығ. № _____ *

Формуляр жолданған құзыретті орган туралы деректер*

Мүше мемлекет _____

Атауы _____

Мекенжайы _____

кімнен:

- ☐ еңбекшіден
- ☐ отбасы мүшесінен
- ☐ зейнетақы жинақтарының мұрагерінен (құқық мирасқорынан)
- ☐ еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны

алуға үміткер адамнан

☐ еңбекшінің/отбасы мүшесінің/зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының)/ еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамның өкілінен

мыналар үшін:

- ☐ зейнетақыны тағайындау және төлеу
- ☐ тағайындалған зейнетақының мөлшерін қайта есептеу
- ☐ зейнетақының басқа түріне ауыстыру
- ☐ зейнетақы төлемдерін қалпына келтіру (қайта бастау)
- ☐ деректердің өзгергені туралы хабардар ету
- ☐ еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны

алу

* Құзыретті орган толтырады.

1. ЕҢБЕКШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

— Туылған кездегі тегі және барлық басқа тектері _____

— Аты _____

— Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

— _____

Азаматтығы _____

— Туған күні _____

— Туған жері _____

— Жынысы: ☐ ер ☐ әйел

Жеке басын куәландыратын құжат:

☐ паспорт ☐ басқа құжат _____

— сериясы, нөмірі _____

— кім берді _____

— берілген күні _____

— қолданылу мерзімі _____

— Еңбекшінің жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

Ресей Федерациясында _____

(жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі (ЖДШСН))

тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

_____ (көше, үй мен пәтер нөмірі, елді мекен, аудан, облыс, мемлекет, пошталық индекс)

Байланыс деректері: телефон нөмірі _____,

электрондық поштаның мекенжайы _____

2. ОТБАСЫ МҮШЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

Туылған кездегі тегі және барлық басқа тектері _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Азаматтығы _____

Туған күні _____

Туған жері _____

Жынысы: ☐ ер ☐ әйел

Жеке басын куәландыратын құжат:

☐ паспорт ☐ басқа құжат _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

қолданылу мерзімі _____

Отбасы мүшесінің жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

Ресей Федерациясында _____

(жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі (ЖДШСН))

тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

Туысқандық дәрежесі _____

Туысқандық дәрежесін растайтын құжат: _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

(көше, үй мен пәтер нөмірі, елді мекен, аудан, облыс, мемлекет, пошталық индекс)

Байланыс деректері: телефон нөмірі _____,
электрондық поштаның мекенжайы _____

**3. ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ МҰРАГЕРІ (ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЫ)/
ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ) ҚАЙТЫС БОЛҒАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ
АЛЫНБАҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА ҮМІТКЕР АДАМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Тегі _____

Туылған кездегі тегі және барлық басқа тектері _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Азаматтығы _____

Туған күні _____

Туған жері _____

Жынысы: ☐ ер ☐ әйел

Жеке басын куәландыратын құжат:

☐ паспорт ☐ басқа құжат _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

қолданылу мерзімі _____

Зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының)/ еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамның жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

Ресей Федерациясында _____

(жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі (ЖДШСН))

Тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

Еңбекшімен (отбасы мүшесімен) туысқандық дәрежесі * _____

Мұрагерлік құқығын/ еңбекшімен (отбасы мүшесімен) туысқандық дәрежесін

растайтын құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

* Еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам толтырады.

кім берді _____

берілген күні _____

Қайтыс болған еңбекшімен (отбасы мүшесімен) қайтыс болған күні бірге тұрғанды* растайтын құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

(көше, үй мен пәтер нөмірі, елді мекен, аудан, облыс, мемлекет, пошталық индекс)

Байланыс деректері: телефон нөмірі _____,

электрондық поштаның мекенжайы _____

4. ЕҢБЕКШІНІҢ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНІҢ)/ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ
МҰРАГЕРІНІҢ (ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЫНЫҢ)/ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ)
ҚАЙТЫС БОЛҒАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЛЫНБАҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА
ҮМІТКЕР АДАМНЫҢ ӨКІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

—

Аты _____

—

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

—

Жеке басын куәландыратын құжат:

☐ паспорт ☐ басқа құжат _____

—

сериясы, нөмірі _____

—

кім берді _____

—

берілген күні _____

—

қолданылу мерзімі _____

— Өкілдің өкілеттігін растайтын құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

— кім берді _____

— берілген күні _____

— өкілдіктерінің қолданылу мерзімі _____

— Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

— (көше, үй мен пәтер нөмірі, елді мекен, аудан, облыс, мемлекет, пошталық индекс)

— * Еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам толтырады.

Байланыс деректері: телефон нөмірі _____

— электрондық поштаның мекенжайы _____

5. ЗЕЙНЕТАҚЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ:

☐ Армения Республикасында: еңбек зейнетақысы:

☐ жасы бойынша

☐ жеңілдік шарттарында

☐ еңбек сіңірген жылдары үшін

☐ мүгедектігі бойынша

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша

☐ ішінара

міндетті жинақталатын зейнетақы:

☐ аннуитет

☐ бағдарламалық төлем

☐ біржолғы төлем

☐ мұрагерлерге біржолғы төлем

☐ Беларусь Республикасында: еңбек зейнетақысы:

☐ жасы бойынша

☐ еңбек сіңірген жылдары үшін (әскери қызметшілердің, оларға теңестірілген адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және мемлекеттік қызметшілердің зейнетақыларынан басқа)

☐ мүгедектігі бойынша

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша

☐ Қазақстан Республикасында: қалыптастырылған зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жасалатын зейнетақы төлемдері:

☐ зейнеткерлік жасқа жету бойынша

☐ егер мүгедектік мерзімсіз белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектік белгіленген кезде

☐ мұрагерлерге біржолғы төлем

☐ Қырғыз Республикасында: мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы:

☐ жасы бойынша

☐ мүгедектігі бойынша

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша

☐ мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен зейнетақының жинақталған бөлігі

☐ мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының қаражатынан зейнетақы жинақтарының қаражаты есебінен жасалатын төлемдер

☐ Ресей Федерациясында: сақтандыру зейнетақысы:

☐ кәрілігі бойынша

☐ мүгедектігі бойынша

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша

☐ сақтандыру зейнетақысына тіркелген төлем, сақтандыру зейнетақысына тіркелген төлемді арттыру және (немесе) көбейту және сақтандыру зейнетақысына үстемеақы

☐ жинақтаушы зейнетақы және зейнетақы жинақтарының есебінен жасалатын өзге де төлемдер

6. ЕҢБЕКШІГЕ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНЕ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ МА (БҰРЫН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БА)

☐ Жоқ ☐ Ия:

қай мемлекеттен _____

қандай аумақтық органнан (ведомстводан) _____

зейнетақы түрі _____

_____._____._____ бастап _____._____._____ дейін

қай мемлекеттен _____

қандай аумақтық органнан (ведомстводан) _____

зейнетақы түрі _____

____.____.____ бастап _____.____.____ дейін

7. ЕҢБЕКШІНІҢ ЖҰМЫС ӨТІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(зейнетақыны тағайындауға, тағайындалған зейнетақының мөлшерін қайта есептеуге жүгінген кезде толтырылады)

Еңбекке орналастырылған мемлекет	Қызмет түрі	Жұмыс кезеңі (өзге де кезеңдер)		Ұйымның атауы	Ұйымның орналасқан жерінің мекенжайы
		бастап	дейін		

8. ЕҢБЕКШІНІҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(отбасы мүшесі, зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адам толтырады)

Қайтыс болғаны туралы құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

_____ кім берді _____

_____ берілген күні _____

_____ қайтыс болған күні _____.____.____

қайтыс болған жері _____

9. ЕҢБЕКШІНІҢ ОТБАСЫ МҮШЕСІ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

Қайтыс болған еңбекшінің асырауында болған отбасы мүшелерінің саны _____

_____ Егер қайтыс болған еңбекші некеде болса, некесі бұзылған болды ма? ☐ жоқ

☐ ия

Некенің бұзылғаны туралы құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

_____ кім берді _____

_____ берілген күні _____

_____ Жаңа некеге тұрды ма? ☐ жоқ ☐ ия

Некенің қиылғаны туралы құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

10. ЕҢБЕКШІНІҢ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНІҢ)/ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ
МҰРАГЕРІНІҢ (ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЫНЫҢ)/ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ)
ҚАЙТЫС БОЛҒАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЛЫНБАҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА
ҮМІТКЕР АДАМНЫҢ БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Зейнетақыны мында алу:

- ☐ тұратын мемлекетінде;
- ☐ зейнетақыны тағайындаған мемлекетте (мемлекеттерде).

Алушының деректемелері:

Еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық
мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған
зейнетақыны алуға үміткер адамның Т.А.Ә. _____

еңбекшінің (отбасы мүшесінің), зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық
мирасқорының), еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған
зейнетақыны алуға үміткер адамның банктік есепшотының нөмірі _____

Алушы банктің деректемелері:

атауы _____

банк филиалының (бөлімшесінің) атауы _____

БСК _____

БСН (ЖСН) _____

есеп айырысу шотының нөмірі _____

корреспонденттік шот _____

11. ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ)/ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ МҰРАГЕРІ
(ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЫ)/ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ) ҚАЙТЫС БОЛҒАНҒА
БАЙЛАНЫСТЫ АЛЫНБАҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА ҮМІТКЕР АДАМ ТУРАЛЫ
ӨЗГЕ ДЕ АҚПАРАТ

12. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

13. ҚОСА БЕРІЛІП ОТЫРҒАН ҚҰЖАТТАР

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттың нысаны (түпнұсқа, нотариалдық куәландырылған көшірме, жай көшірме, электрондық құжат)	Парақтар саны

14. ФОРМУЛЯРДЫ ТОЛТЫРҒАН ЕҢБЕКШІНІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІН)/ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ МҰРАГЕРІН (ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЫН)/ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ) ҚАЙТЫС БОЛҒАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЛЫНБАҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА ҮМІТКЕР АДАМДЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Осы формулярда, сондай-ақ қоса беріліп отырған құжаттарда қамтылған мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын растаймын.

Зейнетақы мөлшерін өзгертуге, зейнетақы төлеуді уақытша тоқтатуға және тоқтатуға әкеліп соғатын мән-жайлардың туындағаны туралы мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына хабарлау міндеті туралы ескертілді.

Мыналарды:

- ☐ еңбекшінің
- ☐ отбасы мүшесінің
- ☐ зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының)
- ☐ еңбекші (отбасы мүшесі) қайтыс болғанға байланысты алынбаған зейнетақыны алуға үміткер адамның
- ☐ өкілдің дербес деректерін

және 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге және 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары,

құзыретті органдары және Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібіне сәйкес дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді өңдеуге келісемін

Мүгедектігі бойынша зейнетақы белгіленген жағдайда оны төлеуді ұзарту үшін сырттай медициналық қайта куәландыруды өткізу үшін құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етілдім.

Толтырылған күні: " ____ " _____ 20 ____ ж.

_____/_____/

(қолы)

(Т.А.Ә.)

15. ФОРМУЛЯРДЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫН ЖӘНЕ ДҰРЫС ТОЛТЫРЫЛҒАНЫН КУӘЛАНДЫРҒАН ҚҰЗЫРЕТТІ ОРГАН ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Мүше мемлекет _____

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____ Факс _____ Электрондық пошта мекенжайы _____

Мөр

Күні _____

Жауапты адамның қолы, Т.А.Ә. және лауазымы

2019 жылғы 20 желтоқсандағы
Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
еңбекшілерін зейнетақымен
қамсыздандыру туралы
келісімнің нормаларын қолдану
бойынша Еуразиялық
экономикалық одаққа мүше
мемлекеттердің уәкілетті
органдары, құзыретті органдары
мен Еуразиялық экономикалық
комиссия арасындағы өзара
іс-қимыл тәртібіне
№ 2 ҚОСЫМША

"АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҚ" ФОРМУЛЯРЫ

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Шығ. № _____

Формуляр жолданған құзыретті орган туралы деректер

Мүше мемлекет _____

Атауы _____

Мекенжайы _____

Осы формуляр:

☐ хабардар ету тәртібінде;

☐ " " 20 ж. шығ. № жауап ретінде жолданады.

1. ЕҢБЕКШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

—
Аты _____

—
Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

—
Туған күні _____

Жынысы: ☐ ер ☐ әйел

Еңбекшінің жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

—
(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

—
(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

—
(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

—
(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

Ресей Федерациясында _____

—
(жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі (ЖДШСН))

2. ОТБАСЫ МҮШЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

—
Аты _____

—
Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

—
Туған күні _____

Жынысы: ☐ ер ☐ әйел

Отбасы мүшесінің жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

—
(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

Ресей Федерациясында _____

(жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі (ЖДШСН))

3. ЕҢБЕКШІНІҢ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНІҢ)/ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ МҰРАГЕРІНІҢ (ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЫНЫҢ) ӨКІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі _____

—
Аты _____

—
Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

—
Жеке басын куәландыратын құжат:

☐ паспорт ☐ басқа құжат _____

—
сериясы, нөмірі _____

—
кім берді _____

—
берілген күні _____

—
қолданылу мерзімі _____

—
Өкілдің өкілеттігін растайтын құжат:

атауы _____

сериясы, нөмірі _____

—
кім берді _____

—
берілген күні _____

—

қолданылу мерзімі _____

Зейнетақы жинақтары мұрагерінің (құқық мирасқорының) жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

Ресей Федерациясында _____

(жеке дербес шотының сақтандыру нөмірі (ЖДШСН))

4. ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ) ЗЕЙНЕТАҚЫ АЛДЫ (АЛАДЫ) МА

Армения Республикасында:

☐ жасы бойынша еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ мүгедектігі бойынша еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ жеңілдік шарттарындағы еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ еңбек сіңірген жылдары үшін еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ ішінара еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

Беларусь Республикасында:

☐ жасы бойынша еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ еңбек сіңірген жылдары үшін еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ мүгедектігі бойынша еңбек зейнетақысы _____ мөлшерде _____._____ бастап _____._____ дейін

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша еңбек зейнетақысы _____
мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____ дейін

Қазақстан Республикасында:

☐ жасына жеткенге байланысты зейнетақы төлемдері _____ мөлшерде __.__.____
бастап __.__.____ дейін

☐ мүгедектікті белгілеген кездегі зейнетақы төлемдері _____ мөлшерде __.__.____
_ бастап __.__.____ дейін

☐ мұрагерлерге біржолғы төлем _____ мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____
дейін

Қырғыз Республикасында:

☐ жасы бойынша зейнетақы _____ мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____ дейін

☐ мүгедектігі бойынша зейнетақы _____ мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____
дейін

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнетақы _____ мөлшерде __.__.____
_____ бастап __.__.____ дейін

☐ зейнетақы жинақтарының қаражаты есебінен жасалатын төлемдер _____
мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____ дейін

Ресей Федерациясында:

☐ кәрілігі бойынша сақтандыру зейнетақысы _____ мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____
_____ дейін

☐ мүгедектігі бойынша сақтандыру зейнетақысы _____ мөлшерде __.__.____
бастап __.__.____ дейін

☐ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша сақтандыру зейнетақысы _____
мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____ дейін

☐ жинақтаушы зейнетақы _____ мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____ дейін

☐ жинақталған зейнетақы қаражатының есебінен жасалатын төлемдер _____
мөлшерде __.__.____ бастап __.__.____ дейін

5. ЕҢБЕКШІ (ОТБАСЫ МҮШЕСІ) БАСҚА ОРГАННАН (ВЕДОМСТВОДАН)
НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТТЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ АЛДЫ (АЛАДЫ) МА

☐ Жоқ ☐ Ия:

қай мемлекеттен _____

қандай органнан (ведомстводан) _____

зейнетақы түрі _____

_____ бастап _____ дейін

6. ЕҢБЕКШІНІҢ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНІҢ) ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
МӘЛІМЕТТЕР

☐ Еңбекші ☐ Отбасы мүшесі

☐ Жұмыс істейді ☐ Жұмыс істемейді

Еңбек қызметін жүзеге асыру нысаны: ☐ еңбек шарты ☐ азаматтық-құқықтық шарт ☐ өзін-өзі жұмыспен қамтыған ☐ өзге (көрсету) _____

жұмыстың басы (жұмысқа қабылданған күні) _____

жұмысты тоқтату (жұмыстан шыққан күні) _____

7. ЕҢБЕКШІНІҢ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНІҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІН ӨЗГЕРТУ (ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

____.____.____ бастап зейнетақы мөлшерінің өзгеруі
зейнетақы мөлшері: _____
құрады

8. ЕҢБЕКШІНІҢ (ОТБАСЫ МҮШЕСІНІҢ) ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

☐ Еңбекші ☐ Отбасы мүшесі

Туған күні _____

Қайтыс болған күні _____

Азаматтығы _____

Жынысы: ☐ ер ☐ әйел

Еңбекшінің (отбасы мүшесінің) жеке (дербес) нөмірі (есепшоты):

Армения Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі)

Беларусь Республикасында _____

(сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасында _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН))

Қырғыз Республикасында _____

(дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН))

